

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы» өзін-өзі бағалау анықтамасы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 137 бабы, 5 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бұйрығымен ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы» 2026 жылғы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру үшін 2026 жылдың 31 наурыз күні №3 педагогикалық кеңес отырысы ұйымдастырылды. Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бұйрығымен және 2026 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімімен таныстырылды.

Өзін-өзі бағалауды өткізетін комиссия мүшелері белгіленіп бөбекжай меңгерушісінің бұйрығымен төмендегі тізімге сәйкес тағайындалды. Өзін өзі бағалауды бөбекжай басшысының 2026 жылғы «31» наурыздағы №14 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді

Комиссия төрайымы «Babi» жеке бөбекжайы меңгерушісі Азмұханбетова Д.А.

Бргалинва Л.Г «Babi» жеке бөбекжайы педагог-логопед комиссия мүшесі

Валиуллиева Г.С. «Babi» жеке бөбекжайы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

Иманбаева М.Ж. «Babi» жеке бөбекжайы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

Карабалина Ш.Б. «Babi» жеке бөбекжайы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1. Білім беру ұйымының атауы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы»

2.Заңды мекен-жайы: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, М.Ықсанов көшесі ,48 үй, М.Ықсанов көшесі, 48А пошта индексі 090000.

3.Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронда пошта,web-сайт). Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері(Басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау туралы бұйрық туралы деректер):

«Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы» электронды пошта: babi.sad.uralsk@gmail.com
сайт baby2026.edu.kz

4.Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Азмұханбетова Дария Андровна – меңгеруші, Орал қаласы білім беру бөлімінің бұйрығы негізінде тағайындалды, телефон/факс-8 (777) 979-86-09

5.Құқық беруші және құрылтай құжаттар: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облысы

бойынша филиалының Орал қаласының тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 20.10.2023 жылы тіркелген. БСН 220740006138

6.Білім беру ұйымының жарғысы: Бөбекжайдың Жарғысы ұжыммен келісіліп жасалған.

7.Рұқсат етуші құжаттар. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама: Қызметтің басталғаны туралы хабарлама электрондық нысанда рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін пайдалана отырып жүзеге асырылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы 03.01.2024 жылғы № KZ64RVK00054916 электрондық нысанда хабарлама берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесіннен алынған талоны.

Бөбекжай өз жұмысында ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі заңын және ҚР-ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын және басқада негізгі деректі құжаттарды басшылыққа алған. («Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы», «Басшы лауазымының тағайындау туралы бұйрық», «Білім беру ұйымының жарғысы», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама») сканерленіп ресми – интернет ресурсына орналастырылды.

II. Кадрлық құрамға талдау:

1. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

-мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер.

2023-2024 оқу жылында: 11 педагог қызмет атқарды, олар: 1 меңгеруші, 8 тәрбиеші, 1 қазақ тілі мұғалімі, 1 музыка жетекшісі. Жоғары білімі бар – 7 педагог (64%), арнаулы орта – 4 педагог (36%). 11 педагогтың 11-нің тиісті бейіні бойынша білімдері сәйкес келеді. Барлық педагогтердің атқарып отырған лауазымы бойынша дипломы сәйкес келеді. «Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі» 11 (100%), оның ішінде 1 меңгеруші, 8 тәрбиеші, 2 басқа мамандар. Жалпы бейіні бойынша жоғары білімді педагогтер саны 7, оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімді-2, **18% құрайды, 2 балл**

2024-2025 оқу жылы бойынша: 12 педагог қызмет атқарды, олардың 1 меңгеруші, 8 тәрбиеші, 1 дефектолог, 1 музыка жетекшісі, 1 қазақ тілі мұғалімі. Жоғары білімі бар – 8 педагог (67%), арнаулы орта – 4 педагог (33%). 12 педагогтың 12-нің тиісті бейіні бойынша білімдері сәйкес келеді. «Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі» 12 (100%), оның ішінде 8 тәрбиеші, 1 меңгеруші, 3 басқа мамандар. Жалпы бейіні бойынша жоғары білімді педагогтер саны 8, оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімді-1, **8% құрайды 2 балл.**

2025-2026 оқу жылы бойынша: 13 педагог қызмет атқарып жатыр, олардың 1 меңгеруші, 1 логопед, 1 қазақ тілі мұғалімі, 1 музыка жетекшісі, 8 тәрбиеші, 1 хореограф. Оның ішінде жоғары білімі бар – 8 педагог (62%), арнаулы орта – 5 педагог (38%). «Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растаған құжаты бар педагогтердің үлесі» 11 (100%), оның ішінде 8 тәрбиеші, 1 меңгеруші, 4 басқа мамандар. Жалпы бейіні бойынша жоғары білімді педагогтер саны 8, оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімді-2, **15% құрайды 2 балл.**

Педагогтардың білімдерін растайтын құжаттар көшірмесі ресми интернет-ресурстарына орналастырылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің

үлгілік қағидаларын сақтау» талаптарына сәйкес келеді. Мектепке дейінгі ұйымдағы штат саны "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымның ресми сайтында орналастырылды. Педагог қызметпен айналысуға «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша педагогикалық білімі бар тұлғалар жіберілді.

2. Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығы) аттестаттау ережелеріне сәйкес:

2023–2025 жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ваві» жеке бөбекжайы» меңгерушісі қызметін **03.01.2023 жылғы №3 бұйрықпен Агедилова Гульжихан Рамазановна** атқарды;

05.01.2026 жылдан бастап аталған лауазымға **№1 бұйрықпен Азмухамбетова Дария Андровна** тағайындалды.

3. Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру; растау туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылы бойынша: 11 педагогтың 9-ы біліктілік санатын көтеріп, растаған. Атап айтсақ, педагог-сарапшы-1, педагог-модератор-6, екінші санатты -2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сай 11 педагогтың 9-ы, 5 жылда 1 реттен кем емес біліктілік санатының деңгейін арттырып отырды, яғни санатты педагогтер 82% құрады, 11 педагогтың 9-ы уақытылы біліктілік санатын көтеріп отырған 1 педагог жас маман және қызмет жасағандарына 5 жыл толмаған, ол: тәрбиеші Қуанышева З.Ж, және меңгеруші Агедилова Г.Р. Біліктілік санаттарын көтерген педагогтердің барлығының дәлелді құжаттары қосымшаға тіркелді. **91%, 4 балл**

2024-2025 оқу жылы бойынша: 11 педагогтың 9-ы біліктілік санатын көтеріп, растаған. Атап айтсақ, педагог-сарапшы-2, педагог-модератор-6, екінші санат-1. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сай 11 педагогтың 9-ы, 5 жылда 1 реттен кем емес біліктілік санатының деңгейін арттырып отырды, яғни санатты педагогтер 82 % құрады, 11 педагогтың 9-ы уақытылы біліктілік санатын көтеріп отырған педагог жас маман және қызмет жасағандарына 5 жыл толмаған, ол: тәрбиеші Орынбасар А.Б., дефектолог-логопед Бргалиева А.Г. және меңгеруші Азмуханбетова Д.А. Біліктілік санаттарын көтерген педагогтердің барлығының дәлелді құжаттары қосымшаға тіркелді. **82%, 3 балл**

2024-2025 оқу жылы бойынша: 13 педагогтың 7-уі біліктілік санатын көтеріп, растаған. Атап айтсақ, педагог-сарапшы-2, педагог-модератор-4, 2 санат-1. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сай 13 педагогтің 7-уі, 5 жылда 1 реттен кем емес біліктілік санатының деңгейін арттырып отырды, яғни санатты педагогтер 54 % құрады, 13 педагогтың 7-уі уақытылы біліктілік санатын көтеріп отырған педагог жас маман және қызмет жасағандарына 5 жыл толмаған, ол: тәрбиеші Агедилова Г.Р., Махамбет Қ.М., хореограф Дүйсенғалиева Н.Қ., қазақ тілі мұғалімі Мендуллина А.Ш., дефектолог-логопед Бргалиева А.Г. және меңгеруші Азмұханбетова Д.А. Біліктілік санаттарын көтерген педагогтердің барлығының дәлелді құжаттары қосымшаға тіркелді. **54%, 2 балл**

Жалпы бағаланатын оқу жылындағы педагогтердің біліктілік санатының өсу деңгейі «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының бағалау өлшемшарттары бойынша «Біліктілік санатының бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір рет сиретпей) үлесі» **88%.3 баллмен бағаланады.**

4.Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылында 7 педагогтың 7-і біліктілігін арттыру курстарынан өтті. 2023-2024 оқу жылы бойынша бөбекжай педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі **100 % қамтылған, 5 балл.**

2024-2025 оқу жылында 9 педагогтың 8-і біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Ал 1-уі жас маман (оқу орнын бітіргеніне 5 жыл толмаған жас маман, ол: хореограф Дүйсенғалиева Н.Қ.). 2024-2025 оқу жылы бойынша бөбекжай педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі **89% қамтылған, 3 балл.**

2025-2026 оқу жылында 7 педагогтың 6-ы біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Ал 1-уі жас маман (оқу орнын бітіргеніне 5 жыл толмаған жас маман, ол: қазақ тілі мұғалімі Мендуллина А.Ш.) 2024-2025 оқу жылы бойынша бөбекжай педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі **86% қамтылған, 3 балл.**

5.Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер: ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы жеке бөбекжайы» 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында педагогтер "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ- 131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтіп тұрады.

Соттылығының жоқтығы (болуы) туралы мәліметтер: ҚР Бас Прокуратурасы ҚСЖАЕК "Ақпараттық қызмет" жүйесімен қалыптастырылған орталығынан алынған мәліметтер бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы соттылығы бар педагогтер анықталмады.(барлық педагогтің соттылығы жоқ екенін дәлелдейтін анықтамалары бар)

2қосымша негізінде педагогтердің мамандығын дәлелдеуші дипломдары, соттылығы туралы анықтамалары, санатты туралы және біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы куәліктері, тарификациялық және штаттық кестелер, 2қосымша таблицасы сканерленіп ұсынылды және ресми интернет – ресурсына ([baby2026.edu.kz ht](http://baby2026.edu.kz)) орналастырылды және ұлттық білім беру деректер базасында дәлелденді.

III.Тәрбиеленушілер контингенті:

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

1.Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған. Бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілердің контингенті туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымның 3-қосымшасына сәйкес толтырылып, тіркелді және ресми интернет-ресурста орналастырылды.

2023-2024оқу жылы

Тобы	Жас кезеңі	Бала саны
«Ботақан»	ортаңғы тобы	20
«Балапан»	кіші тобы	19
«Болашақ»	МАД тобы	6
Барлық бала саны		45

2024-2025 оқу жылы

Тобы	Жас кезеңі	Бала саны
"Ботақан"	кіші тобы	9
"Еркемай"	ортаңғы тобы	16
«Болашақ»	ересек тобы	20
«Балапан»	ортаңғы тобы	19
Барлық бала саны		64

2025-2026 оқу жылы

Тобы	Жас кезеңі	Бала саны
"Ботақан"	кіші тобы	20
"Еркемай"	кіші тобы	20
«Болашақ» аралас	ортаңғы, ересек тобы	24
«Балапан» аралас	ортаңғы ,ересек тобы	19
Барлық бала саны		274

2. Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер:

Бөбекжайымызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен бекітілген ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары негізінде жүзеге асырылды.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған. **2023-2026 оқу жылында** ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленуші болған жоқ,

4.Әртүрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер:

Бағаланатын үш оқу жылында әртүрлі жас топтары 2025-2026 оқу жылында «Болашақ» аралас ортаңғы,ересек. «Балапан» аралас ортаңғы, ересек топтары болды. Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқа топқа ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылды.

5.Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылында ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы жыл бойына 45 бала қабылданып, 26 бала шығарылды.

2024-2025 оқу жылында ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы жыл бойына 6 бала қабылданып, 20 бала шығарылды.

2025-2026 оқу жылында ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы **25** бала қабылданып, 20 бала шығарылады деп жоспарлануда.

6.Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топтарға орналастыру бағалатын оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5мамырдағы №182 бұйрығының 22-тармағына «Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы- 1қыркүйектегі толық жасы) басшылыққа ала отырып жоспарланды. 1 сыныпқа тәрбиеленуші қабылданғанға дейін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандарты» талаптарын сақтай отырып топтан топқа көшіріліп отырды және ҚР білім және ғылым министрінің 2016жылғы 12 тамыз №499 және ҚР оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарласын» игеру мерзімін сақтады.

-балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылында 3 топ жұмыстанды, олар «Балапан» кіші тобы, «Ботақан» ортаңғы тобы, «Болашақ» мектепалды дярлық тобы.

2024-2025 оқу жылында 4 топ жұмыстанды, олар «Ботақан» кіші тобы, «Еркемай», «Балапан» ортаңғы тобы, «Болашақ» ересек тобы.

2025-2026 оқу жылында 4 топ олар; «Ботақан», «Еркемай» кіші тобы, «Болашақ» аралас ортаңғы,ересек, «Балапан» аралас ортаңғы, ересек тобы жыл бойы жұмыстанды.

2023-2024 оқу жылы (балалардың жасы -1 қыркүйектегі толық жасы)

2023 – 2024 оқу жылы						
Топтың атауы	Жас тобы	Балалар саны	Оның ішінде			
			2 жастан бастап	3 жастан бастап	4 жастан бастап	5 жастан бастап
"Балапан"	кіші тобы	19				

«Ботақан»	ортаңғы тобы	20				
«Болашақ»	мектепалды даярлық тобы	6				
Барлық бала саны		45	19	20	0	6

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу №182 бұйрығымен бекітілген) Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 22 тармақшасына сәйкес жас топтары балалардың 1 қыркүйектегі толық жасы қалыптастыру кезінде талаптары сақталған.

2024-2025 оқу жылы (күнтізбелік жылдағы толық жасы)

2024 – 2025 оқу жылы						
Топтың атауы	Жас тобы	Балалар саны	Оның ішінде			
			2 жас тан бастап	3 жас тан бастап	4 жас тан бастап	5 жас тан бастап
"Ботақан "	кіші тобы	9				
"Еркемай"	ортаңғы тобы	16				
«Балапан»	ортаңғы тобы	19				
«Болашақ»	ересек тобы	20				
Барлық бала саны		64	9	35	20	0

2025 – 2026 оқу жылы						
Топтың атауы	Жас тобы	Балалар саны	Оның ішінде			
			2 жас тан бастап	3 жас тан бастап	4 жас тан бастап	5 жас тан бастап
"Еркемай"	кіші тобы	14				
«Ботақан»	кіші тобы	11				
«Болашақ» аралас	ортаңғы тобы	2				
«Болашақ» аралас	ересек тобы	10				
«Балапан» аралас	ортаңғы тобы	6				
«Балапан» аралас	ересек тобы	10				
Барлық бала саны		53	25	8	20	0

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Babi» жеке бөбекжайы» бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» 25 тармағына сәйкес жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып жасақталды.

IV. Оқу әдістемелік жұмыс

-Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшем шарттар: жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

2023-2024 оқу жылы оқу әдістемелік жұмысы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы, 2016 жылғы 12 тамыздағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары» туралы бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1- қосымшасын негізге алып жоспарланған.

2023-2024 оқу жылында «Балапан» кіші, «Ботақан» ортаңғы, «Болашақ» мектепалды даярлық топтарының перспективалық жоспарлары, перспективалық жоспарға сәйкес циклограммалары тігіліп, жинақталған. (көшірмелері салынды). Сонымен қатар музыка, қазақ тілі перспективалық жоспарлары, циклограммалары жинақталған.

2024-2025 оқу жылында «Ботақан» кіші, «Еркемай», «Балапан» ортаңғы, «Болашақ» ересек топтарының перспективалық жоспарлары, перспективалық жоспарға сәйкес циклограммалары тігіліп, жинақталған. (көшірмелері салынды). Сонымен қатар музыка, қазақ тілі пәні мұғалімдерінің де перспективалық жоспарлары, циклограммалары жинақталған.

2025-2026 оқу жылында «Ботақан», «Еркемай» кіші, «Болашақ» аралас ортаңғы, ересек, «Балапан» аралас ортаңғы, ересек топтарының перспективалық жоспарлары, перспективалық жоспарға сәйкес циклограммалары тігіліп, жинақталған. (көшірмелері салынды). Сонымен қатар музыка, қазақ тілі пәні мұғалімдерінің де перспективалық жоспарлары, циклограммалары жинақталған.

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру жоспары бекітілген және мөрімен расталған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың (өзгерістерімен 05.05.2020 ж. №182 бұйрығы) 9, 10, 11, 12, 13-тармақтарына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (12.05.2020жылғы №195) 1,2,3 қосымшаларына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың» 1- қосымшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» туралы № 422 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес келеді.

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

2023-2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес құрылды. Пән мұғалімдері музыка, қазақ тілі педагогтерінің жылдық перспективалық жоспарлары балалардың жас ерекшеліктеріне, оқу жоспарына, циклограммалары мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сай құрастырылды және әдіскермен келісіліп, басшымен бекітілді.

1. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы: «Babi» бөбекжайында, 2021-2022 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әрекеті "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу 2020 жылғы 12 мамыр №195 бұйрығы, 1-қосымшада 1 жастан бастап 1- сыныпқа қабылдағанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында көрсетілген жас ерекшелігіне сай базистік жүктеме бойынша оқу кестесіне сәйкес тәрбие-оқу үрдісі жоспарланып құрылған.

**2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие
мен оқытудың оқу жоспары**

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары (2 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		«Балапан» кіші тобы
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру*	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка *	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу жоспары (3 жастағы балалар)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		«Ботақан» ортаңғы тобы
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет

	Дене шынықтыру*	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі*	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка *	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		«Болашақ» мектепалды тобы
1	Дене шынықтыру	3 сағат
	Дене шынықтыру*	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	2 сағат
	Көркем әдебиет	2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын
	Қазақ тілі	2 сағат
	Қазақ тілі*	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын
4	Математика негіздері	3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әректі, еңбек іс-әрекеті	күн сайын
6	Сурет салу	1 сағат
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын
	Музыка	2 сағат
	Музыка *	күн сайын
8	Барлығы	20 сағат

**2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие
мен оқытудың оқу жоспары**

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары (2 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	«Ботақан» кіші тобы
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру*	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка *	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу жоспары (3 жастағы балалар)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс- әрекет*	Жас топтары	
		«Еркемай» ортаңғы тобы	«Балапан» ортаңғы тобы
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру*	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі*	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		

7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка *	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-	-

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары (4 жастағы балалар)**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		«Болашақ» ересек тобы
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру*	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі*	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына екі рет
	Музыка *	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-

**2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие
мен оқытудың оқу жоспары**

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары (2 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		«Ботақан» кіші тобы	«Еркемай» кіші тобы
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру*	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка *	күн сайын	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-	-

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (3 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		«Болашақ» ортаңғы тобы	«Балапан» ортаңғы тобы
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру*	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі*	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка *	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-	-

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (4 жастағы балалар)

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		«Болашақ» ересек тобы	«Балапан» ересек тобы
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру*	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі*	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		

	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына екі рет	аптасына екі рет
	Музыка *	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет	-	-

2023-2026 оқу жылдары бойынша бағалатын кезеңдердегі ұйымдастырылған іс – әрекеттер кестелері, перспективалық – жылдық жоспарлар мен балаларды тәрбиелеумен оқыту циклограммалары, музыка жетекшісі қазақ тілі мұғалімі, барлық топ тәрбиешілерінің перспективалық жылдық жоспарлары мен конспектілері сканерленіп ұсынылды, ресми интернет – ресурсына baby2026.edu.kz орналастырылды және ұлттық білім беру деректер базасында дәлелденді.

V. Оқу-материалдық активтер:

1. Ғимарат туралы мәлімет(ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары):

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің ЖШС ЖШС «Нұрджигит», «Babi» жеке бөбекжайы **2024 жылдың қаңтар айынан бастап жұмысын бастады.** Бөбекжай ғимараты бір қабатты.

Бөбекжайдың жобалық қуаттылығы 68 балаға есептелген, балалардың жас кезеңдеріне сәйкес 4 топ құрылды. Ихсанова 48 мекен жайында 34 бала, Ихсанова 48А мекен жайында 34 балаға есептелген.

